

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2026 жылғы 23 маусымдағы № 304 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 24 маусымда № 39066 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.09.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-3-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрінің
міндетін атқарушы

Г. Кобенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-3-бабының 7-1) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау үшін қолданылады.

2. Әдістеме ЖЖОКБҰ қызметінің тиімділігін ашық, объективті және салыстырмалы бағалауды қамтамасыз ететін рейтингтерін өткізуге арналған.

3. Осы Әдістеме бойынша есептелген нәтижелер ЖЖОКБҰ-ны саралауды жүргізу кезінде пайдаланылады.

4. Әдістемеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – Уәкілетті орган) – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

2) "Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы" цифрлық жүйесі (бұдан әрі – ЖББП ЦЖ) – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызмет бағыты бойынша ақпаратты жинауды, сақтауды, өңдеуді және ұсынуды қамтамасыз етуге арналған Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің цифрлық жүйесі;

3) ЖЖОКБҰ-ның зерттеу қызметі бойынша рейтинг – жарияланым нәтижелілігі, дәйексөз тартылған гранттар мен жобалар, ғылымның кадрлық әлеуеті және ұлттық және халықаралық зерттеулерге қатысу көрсеткіштеріне негізделген, ғылыми үлес деңгейі мен ЖЖОКБҰ-ның зерттеу бәсекеге қабілеттілігін көрсететін ЖЖОКБҰ-ның ғылыми-зерттеу және инновациялық белсенділігін салыстырмалы бағалау;

4) ЖЖОКБҰ интернационалдандыру рейтингі – шетелдік білім алушылардың, оқытушылардың үлесі, халықаралық әріптестіктер және академиялық ұтқырлық бойынша ЖЖОКБҰ реттеу;

5) ЖЖОКБҰ қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау – ЖЖОКБҰ-ның білім беру, ғылыми, кадрлық, инновациялық және өзге де қызметі туралы сандық және сапалық деректерді олардың салыстырмалы тиімділік деңгейін айқындау және белгіленген индикаторлар бойынша рейтингтік бағаларды қалыптастыру мақсатында жүйелі түрде жинау, тексеру, қалыпқа келтіру және талдау процесі;

6) ЖЖОКБҰ-ның пәндік рейтингі – ЖЖОКБҰ-ның білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын және қызметінің нәтижелерін жеке бағыттар немесе нақты білім беру саласына (мамандыққа, білім беру бағдарламасына немесе білім саласына) қатысты белгіленген индикаторлар мен олардың салмақтары негізінде есептелген кадрларды даярлау бағыттарының топтары бойынша салыстырмалы бағалау;

7) ЖЖОКБҰ-ны саралау – Әдістемеге сәйкес есептелген рейтингтер нәтижелері бойынша ЖЖОКБҰ-ны реттеу процесі;

8) ЖЖОКБҰ тұрақты даму рейтингі – энергия тиімділігін, инклюзивтілікті және әлеуметтік үлесті қоса алғанда, экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық жауапкершілік көрсеткіштері бойынша ЖЖОКБҰ-ны реттеу;

9) ЖЖОКБҰ түлектерінің мансаптық перспективалары бойынша рейтинг – жұмыспен қамтылу, табыс деңгейі, алынған білімнің еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі және жұмыс берушілердің мамандар даярлау сапасына қанағаттану көрсеткіштеріне негізделген ЖЖОКБҰ-ның түлектерді жұмысқа орналастыруды, олардың кәсіби өсуін және мансаптық траекториясын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет тиімділігін салыстырмалы бағалау;

10) ЖЖОКБҰ-ның ұлттық (жалпы) рейтингі – белгіленген индикаторлар (білім беру, ғылыми, кадрлық, басқару, халықаралық және өзге де) жиынтығы негізінде есептелген және ұлттық контексте әрбір ұйымның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейін көрсететін Қазақстан Республикасының ЖЖОКБҰ қызметінің интегралды салыстырмалы бағалауы;

11) индикатор – ЖЖОКБҰ қызметі бағыттарының бірін сипаттайтын ірі өлшемшарт;

12) кіші көрсеткіш – бірыңғай деректер көздері негізінде өлшенетін көрсеткішті детализациялау;

13) көрсеткіш – нақты нәтижеге жетуді көрсететін индикатордың сандық немесе сапалық элементі;

14) рейтинг – белгіленген индикаторлар бойынша ЖЖОКБҰ қызметінің жиынтық тиімділігін көрсететін сандық мән (интегралды балл);

15) салмақ – жалпы рейтингте индикатордың, көрсеткіштің немесе кіші көрсеткіштің маңыздылық үлесі, пайызбен көрсетілген;

16) сандық деректерді қалыпқа келтіру – салыстырмалылықты қамтамасыз ету үшін көрсеткіштерді бірыңғай шкалаға келтіру;

17) Хирш индексі немесе h-индекс – ғалымның ғылымиметрикалық көрсеткіші. Хирш индексі осы зерттеушінің еңбектерінің дәйексөздерін бөлу негізінде есептеледі: ғалым h-индекске ие, егер оның N мақалаларынан h кемінде h рет келтірілсе, ал оның мақалаларының қалған N–h әрқайсысы h-тан аспайды.

2-тарау. ЖЖОКБҰ қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін есептеу тәртібі

5. ЖЖОКБҰ-ның қорытынды рейтингтік балы (R) қалыпқа келтірілген индикаторлар мәндерінің (I_i) олардың меншікті салмақтарына (W_i) көбейтінділерінің қосындысы ретінде айқындалады:

$$S = \frac{C_1 + C_2 + C_3}{V_1 + V_2 + V_3} \cdot V_4, \text{ мұнда:}$$

мұндағы:

R – ЖЖОКБҰ-ның қорытынды рейтингісі;

I_i – i-ші индикатордың интегралды мәні;

W_i – i-ші индикатордың меншікті салмағы, %.

Әрбір индикатор үшін салмақтары бар көрсеткіштер қолданылады, олардың қосындысы индикатор бойынша 100%-ға тең және қажеттілігіне қарай салмақтары бар кіші көрсеткіштер, олардың қосындысы көрсеткіш бойынша 100%-ға тең.

6. Сандық деректерді қалыпқа келтіру өңірлік коэффициентті ескере отырып, мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$K = \frac{(\text{Шқатысу} + \text{Ш аутсорсинг 1}) \cdot 1,3}{\text{Шқатысу} + \text{Ш аутсорсинг 1} + \text{Ш аутсорсинг 2} + \text{Ш сатып алу}}, \text{ мұнда}$$

мұндағы:

N – көрсеткіштің қалыпқа келтірілген мәні;

X – көрсеткіштің нақты мәні;

$$r = \frac{OP_1 \cdot AEPG}{OP_1 \cdot AEPG}, \text{ мұнда}$$

және

$$S = \frac{P_1 + P_2 + \dots + P_n}{n} \cdot E,$$

– ЖЖОКБҰ жиынтығындағы осы көрсеткіштің ең төменгі және ең жоғары мәндері;

K_r – ЖЖОКБҰ орналасқан өңірдің әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-білім беру әлеуетінің ерекшеліктерін ескеретін өңірлік коэффициент.

Өңірлік коэффициентті Уәкілетті орган өңірлік даму, жұмыспен қамту деңгейі, инновациялық белсенділік және ЖЖОКБҰ инфрақұрылымы негізінде белгілейді. Оның есептелген мәннен ауытқуы 10 пайыздан аспайды, нәтижесінде коэффициент мәні 0,9-дан 1,1-ге дейінгі диапазонда белгіленеді.

Көрсеткіштің өңірлік коэффициентті қолданғаннан кейінгі қорытынды мәні 100 балдан асырылмайды.

7. Сапалық (сауалнамалық) көрсеткіштер 0–100 балдық шкала бойынша бағаланады

3-тарау. ЖЖОКБҰ қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау индикаторлары мен көрсеткіштері

8. ЖЖОКБҰ қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау мынадай индикаторлар мен көрсеткіштерді қамтиды.

8.1. Бедел (меншікті салмағы 10%, мәдениет және өнер саласындағы ЖЖОКБҰ үшін 15%) 3 көрсеткішті қамтиды.

Индикатордың сипаттамасы: академиялық сарапшылар мен жұмыс берушілер тарапынан сауалнамалар арқылы жетістіктерді бағалауға, сонымен қатар талантты студенттер үшін ЖЖОКБҰ-ның тартымдылығын бағалауға мүмкіндік беретін индикатор.

код	Көрсеткіш	Салмақ, %	код	К і ш і көрсеткіштер	Салмақ, %
1.1	Академиялық бедел	40			
1.2	Жұмыс берушілер арасындағы бедел	30			
			1.3.1	Оқу жылының қабылдау қорытындысы бойынша ҰБТ-ның орташа балы	25
			1.3.2	Оқу жылының қабылдау қорытындысы бойынша "Алтын белгі" иегерлерінің үлесі	25
				ЖЖОКБҰ-ға қабылдау қорытындысы бойынша республикалық	

1.3	Талантты студенттердің шоғырлануы	30	1.3.3	ж ә н е халықаралық п ә н д і к олимпиадаларды , ғылыми, шығармашылық, спорттық конкурстар жүлдегерлерінің үлесі	25
			1.3.4	Оқуды аяқтау қорытындысы бойынша "үздік" диплом алған түлектердің үлесі, оның ішінде ағымдағы ж ы л ы педагогикалық бағыттағы білім б е р у бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған тұлғалардың педагогикалық білімін бағалау нәтижелері	25

1.1 көрсеткіш: академиялық бедел.

Көрсеткіштің сипаттамасы: академиялық бедел қазақстандық және шетелдік сарапшылар қатысатын сауалнама барысында қалыптасады. Респонденттерге сарапшыларда тиісті бейін мен кәсіби тәжірибе бар бағыттар бойынша білім беру және ғылыми қызметінің сапасы бойынша ЖЖОКБҰ-ны бағалау ұсынылады.

Сарапшылар ретінде ЖЖОКБҰ-ның және ғылыми ұйымдардың өкілдері бола алады

Сарапшылар базасы кандидаттарды ЖББП ЦЖ-да тіркеуге шақыру арқылы қалыптастырылады. Тіркеу процедурасы үміткердің келесі сұрақтарға жауаптарын қамтиды:

жеке деректер: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);
лауазымы (позициясы), ұйымның атауы;
байланыс деректері (электрондық пошта, телефон нөмірі).

Сарапшылар ретінде ЖЖОКБҰ және ғылыми ұйымдарда мынадай лауазымдарды атқаратын кандидаттар: президент/ректор; вице-президент/проректор/проректордың орынбасары; декан/мектеп директоры/деканның орынбасары/мектеп директорының орынбасары; құрылымдық бөлімшенің басшысы; кафедра меңгерушісі/кафедра меңгерушісінің орынбасары; профессорлар-оқытушылар құрамы (профессор,

қауымдастырылған профессор, аға оқытушы, оқытушы және т.б.); ғылыми қызметкер (бас, жетекші, аға, кіші); әкімшілік-басқару персоналы (ректорат, деканат, кітапхана қызметкері); басқалар.

Тіркеу аяқталғаннан кейін сарапшыларға сауалнама жіберіледі, оған мыналар кіреді :

жеке деректер: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы (позициясы), ұйымның атауы, байланыс деректері (электрондық пошта, телефон нөмірі);

кәсіптік деректер: кәсіптік өтілі, білім және ғылыми қызығушылықтарының бағыттары, оның ішінде сарапшы жарияланымдарының, іске асырылған білім беру және ғылыми жобаларының ең көп саны бар 2-3 бағытын көрсету;

ЖЖОКБҰ номинациясы: сарапшыларға сарапшының пікірінше білім беру және ғылыми қызметтің ең жақсы нәтижелері бар 5 ЖЖОКБҰ номинациясын ұсыну ұсынылады. Сарапшының қызметкер болып табылатын ЖЖОКБҰ-ны ұсынуға құқығы жоқ.

Сауалнама онлайн жүргізіледі. Сауалнама нәтижелері көрсеткішті есептеу үшін қолданылады.

1.2 көрсеткіш: жұмыс берушілер арасындағы беделі.

Көрсеткіштің сипаттамасы: жұмыс берушілер арасындағы беделі қазақстандық және шетелдік жұмыс беруші-сарапшылар қатысатын сауалнама барысында қалыптасады. Респонденттерге сарапшылардың тиісті бейіні мен кәсіби тәжірибесі негізінде еңбек нарығына түлектерді даярлау сапасы бойынша ЖЖОКБҰ-ны бағалау ұсынылады.

Сарапшылар ретінде ЖЖОКБҰ саралауға қатысатын ЖЖОКБҰ түлектері жұмысқа орналасқан ұйымдардың өкілдері бола алады.

Сарапшылар базасы кандидаттарды ЖББП ЦЖ-да тіркеуге шақыру арқылы қалыптастырылады. Тіркеу процедурасы үміткердің келесі сұрақтарға жауаптарын қамтиды:

жеке деректер: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

лауазымы (позициясы), ұйымның атауы;

байланыс деректері (электрондық пошта, телефон нөмірі).

Жұмыс берушілерге арналған өлшемшарттар:

1) ұйымның штат саны кемінде 20 қызметкерді құрайды;

2) ұйым тиісті салада кемінде 5 жыл белсенді қызметті жүзеге асырады.

Тіркеу аяқталғаннан кейін сарапшыларға сауалнама жіберіледі, оған мыналар кіреді :

жеке ақпарат: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы (позициясы), ұйымның атауы;

кәсіби деректер: ұйымның сипаттамасы; ұйым мамандандырылған сала; ұйым мамандандырылған кадрларды даярлау бағыттары;

ЖЖОКБҰ номинациясы: сарапшыларға еңбек нарығы үшін түлектерді даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ететін 5 ЖЖОКБҰ номинациясын ұсыну ұсынылады. Сарапшыларға ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының топтарын таңдау ұсынылады, олардың түлектері осы ұйымдарда жұмыс істейді және жоғары тиімділік пен нәтижелілікті көрсетеді.

Сауалнама онлайн жүргізіледі. Сауалнама нәтижелері көрсеткішті есептеу үшін қолданылады.

1.3 көрсеткіш: талантты студенттердің шоғырлануы.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш әртүрлі салаларда тиісті жетістіктері бар талантты студенттер үшін ЖЖОКБҰ-ның тартымдылығын бағалайды. Көрсеткіш 4 кіші көрсеткіштен тұрады.

1.3.1 кіші көрсеткіш: оқу жылының қабылдау қорытындысы бойынша ҰБТ-ның орташа балы.

1.3.2 кіші көрсеткіш: оқу жылының қабылдау қорытындысы бойынша "Алтын белгі" иегерлерінің үлесі.

1.3.3 кіші көрсеткіш: ЖЖОКБҰ-ға қабылдау қорытындысы бойынша республикалық және халықаралық пәндік олимпиадалардың, ғылыми, шығармашылық, спорттық конкурстар жүлдегерлерінің үлесі.

1.3.4 кіші көрсеткіш: оқуды аяқтау қорытындысы бойынша "үздік" дипломын алған түлектердің үлесі, оның ішінде ағымдағы жылы педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған тұлғалардың педагог білімін бағалау нәтижелері.

8.2. Академиялық артықшылық (меншікті салмағы 15%, мәдениет және өнер саласындағы ЖЖОКБҰ үшін 25%) 5 көрсеткішті қамтиды.

Индикатордың сипаттамасы: ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етудегі ЖЖОКБҰ жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін индикатор.

код	Көрсеткіш	Салмақ, %	код	К і ш і көрсеткіштер	Салмақ, %
2.1	Оқытушыларды көтермелеу	10			
2.2	Ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) дәрежесі бар оқытушылардың үлесі	30			
2.3	Оқытушылардың білім алушыларға қатынасы	30			
	Білім алушылардың				

2.4	оқыту сапасына қанағаттануы	10			
2.5	Білім беру бағдарламаларының сапасы	20	2.5.1	Мамандандырылған аккредиттеуден өткен білім беру бағдарламаларының үлесі	70
			2.5.2	Пәндік рейтингтердің топтық топтарына енген білім беру бағдарламаларының үлесі	30

2.1 көрсеткіш: оқытушыларды көтермелеу.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш республикалық және халықаралық деңгейдегі марапаттары және (немесе) гранттары бар ЖЖОКБҰ-ның штаттық оқытушыларының үлесін өлшеу арқылы профессорлық-оқытушылық құрамның сапасын бағалайды.

Осы көрсеткішті есептеу кезінде ЖЖОКБҰ штаттық оқытушылары мен ғылыми қызметкерлерінің мынадай наградалары ескеріледі:

соңғы 10 жылдағы Қазақстан Республикасының Ғылым және техника, гуманитарлық ғылымдар, әдебиет және өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтарының лауреаттары;

соңғы 10 жылдағы "ЖЖОКБҰ үздік оқытушысы";

соңғы 10 жылдағы "Үздік ғылыми қызметкер";

соңғы 10 жылдағы "Мамандықтың үздігі";

соңғы 10 жылда мәдениет саласында ведомстволық наградалармен марапатталған адамдар;

соңғы 10 жылдағы ғылыми бағдарлама/жоба жетекшілері;

соңғы 10 жылда "Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлері;

соңғы 10 жылдағы патенттер мен куәліктердің иегерлері;

халықаралық рефераттық базалардан (Web of Science (Веб оф Сайенс), Scopus (Скопус) және басқалар) ғылыми жетістіктері үшін алған наградалар (соңғы 10 жылда).

2.2 көрсеткіш: ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) дәрежесі бар оқытушылардың үлесі.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) дәрежесі бар оқытушылардың үлесін өлшеу арқылы профессорлық-оқытушылық құрамның білім беру-ғылыми әлеуетін бағалайды.

2.3 көрсеткіш: оқытушылардың білім алушыларға қатынасы.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш бір оқытушыға шаққандағы білім алушылар санына байланысты оқытушылардың жүктемесін өлшеу арқылы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын бағалайды.

Білім алушылардың жалпы саны және ЖЖОКБҰ штаттық оқытушылары ескеріледі.

2.4 көрсеткіш: білім алушылардың оқыту сапасына қанағаттануы.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш білім алушылардың қанағаттану деңгейі мен дәрежесін өлшеу арқылы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын бағалайды.

Білім алушылардың оқыту сапасынан алған қанағаттану деңгейін айқындау үшін оқыту сапасын бағалауға бағытталған сауалнамалар қолданылатын болады (сабақтарды өткізу сапасы, ең жаңа технологиялар мен оқыту әдістерін пайдалану, оқытушылардан кері байланыс және т.б.).

2.5 көрсеткіш: білім беру бағдарламаларының сапасы.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш аккредиттелген бағдарламалардың және пәндік рейтингтердің топтық топтарына енгізілген бағдарламалардың ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жалпы санынан үлесін айқындау арқылы ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының сапасын бағалайды. Көрсеткіш 2 кіші көрсеткіштен тұрады.

2.5.1 кіші көрсеткіш: мамандандырылған аккредиттеуден өткен білім беру бағдарламаларының үлесі.

2.5.2 кіші көрсеткіш: пәндік рейтингтердің топтық топтарына енгізілген білім беру бағдарламаларының үлесі.

8.3. Зерттеушілік артықшылық (меншікті салмағы 15%, мәдениет және өнер саласындағы ЖЖОКБҰ үшін 5%) 3 көрсеткішті қамтиды.

Индикатордың сипаттамасы. ғылыми-зерттеу қызметіндегі ЖЖОКБҰ жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін индикатор.

код	Көрсеткіш	Салмақ, %	код	К і ш і көрсеткіштер	Салмақ, %
			3.1.1	Бір оқытушыға шаққанда бірінші және екінші квартиль журналдарындағы жарияланымдардың орташа саны / мәдениет және өнер саласындағы ЖЖОКБҰ-дағы бір оқытушыға шаққандағы бірінші, екінші және үшінші квартильдегі	60/30

3.1	Зерттеу өнімділігі	40		журналдардағы жарияланымдардың орташа саны	
			3.1.2	Бір оқытушыға шаққанда Уәкілетті органның ведомствосы ұсынған тізбеге кіретін басылымдардағы жарияланымдардың орташа саны / Уәкілетті орган ведомствосы ұсынған тізімге кіретін басылымдардағы бір оқытушыға шаққандағы орташа жарияланым саны – мәдениет және өнер саласындағы ЖЖОКБҰ үшін.	40/70
3.2	Зерттеу әсері	30	3.2.1	Бір оқытушыға шаққандағы дәйексөздердің орташа саны	40
			3.2.2	Бір жарияланымға шаққандағы дәйексөздердің орташа саны	20
			3.2.3	Бір оқытушыға шаққандағы Хирш индексі	40
			3.3.1	Қазақстандық ЖЖОКБҰ және ғылыми ұйымдар өкілдерімен бірлескен жарияланымдардың үлесі	30
				Өнеркәсіптік және	

3.3	Зерттеу беделділігі	30	3.3.2	бизнес-әріптестермен бірлескен жарияланымдардың үлесі	20
			3.3.3	Шетелдік ЖЖОКБҰ және ғылыми ұйымдар өкілдерімен бірлескен жарияланымдардың үлесі	50

3.1 көрсеткіш: зерттеу өнімділігі.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің жарияланымдық белсенділігін бағалау арқылы ЖЖОКБҰ-ның ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігін өлшейді. Көрсеткіш 2 кіші көрсеткіштен тұрады.

3.1.1 кіші көрсеткіш: бір оқытушыға шаққанда бірінші және екінші квартиль журналдарындағы жарияланымдардың орташа саны / мәдениет және өнер саласындағы ЖЖОКБҰ-дағы бір оқытушыға шаққандағы бірінші, екінші және үшінші квартильдегі журналдардағы жарияланымдардың орташа саны.

3.1.2 кіші көрсеткіш: бір оқытушыға шаққанда Уәкілетті органның ведомствосы ұсынған тізбеге кіретін басылымдардағы жарияланымдардың орташа саны / Уәкілетті орган ведомствосы ұсынған тізімге кіретін басылымдардағы бір оқытушыға шаққандағы орташа жарияланым саны – мәдениет және өнер саласындағы ЖЖОКБҰ үшін.

3.2 көрсеткіш: зерттеу әсері.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш ғылыми жарияланымдарға сілтеме жасалу көрсеткіштерін өлшеу арқылы академиялық және ғылыми қауымдастықтағы ЖЖОКБҰ-ның маңыздылығы мен ықпалын бағалайды. Көрсеткіш 3 кіші көрсеткіштен тұрады.

3.2.1 кіші көрсеткіш: бір оқытушыға шаққандағы дәйексөздердің орташа саны.

3.2.2 кіші көрсеткіш: бір жарияланымға шаққандағы дәйексөздердің орташа саны.

3.2.3 кіші көрсеткіш: бір оқытушыға шаққандағы Хирш индексі.

Кіші көрсеткіш Scopus (Скопус) және Web of Science (Веб оф Сайенс) халықаралық ғылымиөлшем базаларының деректері негізінде айқындалады. Кіші көрсеткішті есептеу штаттық оқытушылардың Хирш индексі мәндерінің сомасын ұйымның штаттық профессорлар-оқытушылар құрамының жалпы санына бөлу жолымен жүзеге асырылады.

3.3 көрсеткіш: зерттеу беделі.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш бірлескен авторлығы бар жарияланымдар санын бағалау арқылы ЖЖОКБҰ-ның қазақстандық және халықаралық білім

беру-ғылыми кеңістікке интеграциялану деңгейін өлшейді. Көрсеткіш 3 кіші көрсеткіштен тұрады.

3.3.1 кіші көрсеткіш: қазақстандық ЖЖОКБҰ және ғылыми ұйымдар өкілдерімен бірлескен жарияланымдардың үлесі.

3.3.2 кіші көрсеткіш: өнеркәсіптік және бизнес-әріптестермен бірлескен жарияланымдардың үлесі.

3.3.3 кіші көрсеткіш: шетелдік ЖЖОКБҰ және ғылыми ұйымдар өкілдерімен бірлескен жарияланымдардың үлесі.

8.4. Түлектердің мансаптық перспективалары (меншікті салмағы 15%, мәдениет және өнер саласындағы ЖЖОКБҰ үшін 20%) 5 көрсеткішті қамтиды.

Индикатордың сипаттамасы: түлектерге мансаптық мүмкіндіктер ұсыну бойынша ЖЖОКБҰ жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін индикатор.

код	Көрсеткіш	Салмақ, %	код	К і ш і көрсеткіштер	Салмақ, %
4.1	Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі	40			
4.2	Түлектердің орташа жалақысы	20			
4.3	Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы	20			
4.4	Түлектердің жетістіктері	15			
4.5	Өңірлік өзара іс-қимыл	5	4.5.1	Ел өңірлерінде жұмыс істейтін түлектердің үлесі	80
			4.5.2	Басқа елдерде жұмыс істейтін түлектердің үлесі	20

4.1 көрсеткіш: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш болған жағдайда мынадай санаттарды есепке алмай, жұмысқа орналасқан түлектердің пайызын бағалайды: шетелдік түлектер; бала күтіміне байланысты демалысқа шыққан түлектер; әскери міндетті қызметке шақырылған түлектер; шетелде білім алушы түлектер; 1-2 топтағы мүгедектігі бар мүмкіндіктері шектеулі түлектер.

4.2 көрсеткіш: түлектердің орташа жалақысы.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш өңірге жұмысқа жіберілген түлектердің бірдей саны алатын жоғары және төмен жалақы деңгейін өлшеу арқылы оқуын аяқтағаннан кейін түлектердің табысын бағалайды.

4.3 көрсеткіш: түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш ЖЖОКБҰ-дан шыққан сәттен бастап жұмыс іздеуге жұмсалған уақытты бағалау арқылы түлектердің сұранысқа ие болуын бағалайды.

4.4 көрсеткіш: түлектердің жетістіктері.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш басшылық лауазымдарындағы түлектердің үлесін өлшеу арқылы білім сапасын және білім алушылардың кәсіби өсу дайындығын бағалайды.

4.5 көрсеткіш: өңірлік өзара іс-қимыл.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш өңір қажеттіліктеріне бағдарлануды, білім беру және жоғары білікті кадрлар даярлау арқылы өңірлік дамуға қосқан үлесті, түлектердің жаһандық ұтқырлығын және әртүрлі мәдени және экономикалық ортада жұмыс істей білу қабілетін бағалайды. Көрсеткіш 2 кіші көрсеткіштен тұрады.

4.5.1 кіші көрсеткіш: ел өңірлерінде жұмыс істейтін түлектердің үлесі.

4.5.2 кіші көрсеткіш: басқа елдерде жұмыс істейтін түлектердің үлесі.

8.5. Интернационалдандыру (меншікті салмағы 15%, мәдениет және өнер саласындағы ЖЖОКБҰ үшін 5%) 5 көрсеткішті қамтиды.

Индикатордың сипаттамасы: ЖЖОКБҰ-ның халықаралық деңгейде танылуын және халықаралық білім беру-ғылыми кеңістікке ілгерілеуін бағалауға мүмкіндік беретін индикатор.

код	Көрсеткіш	Салмақ, %	код	К і ш і көрсеткіштер	Салмақ, %
5.1	Халықаралық перспективалар	20	5.1.1	Шетелдік оқытушылар м е н ғалымдардың үлесі	50
			5.1.2	Шетелдік студенттердің үлесі	50
5.2	Халықаралық әртараптандыру	20	5.2.1	Жаһандық рейтингтердің топ-500-не кіретін шетелдік ЖЖОКБҰ-мен қос дипломы бағдарламалард ың үлесі	60
			5.2.2	Жаһандық рейтингтердің топ-500-не кіретін шетелдік ЖЖОКБҰ-мен бірлескен білім б е р у	40

				бағдарламалардың үлесі	
5.3	Білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығы	20			
5.4	Шетелде тағылымдамадан өткен магистранттар мен докторанттардың үлесі	20			
5.5	Халықаралық ынтымақтастық	20	5.5.1	Халықаралық ғылыми бағдарламалардың (жобалардың) үлесі	60
			5.5.2	Өңірлердің географиялық өкілдігі	40

5.1 көрсеткіш: халықаралық перспективалар.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш ЖЖОКБҰ-дағы шетелдік оқытушылардың, ғалымдардың және білім алушылардың үлесін бағалау арқылы халықаралық академиялық және студенттік әртараптандыруды өлшейді. Көрсеткіш 2 кіші көрсеткіштен тұрады.

5.1.1 кіші көрсеткіш: шетелдік оқытушылар мен ғалымдардың үлесі.

5.1.2 кіші көрсеткіш: шетелдік студенттердің үлесі.

5.2 көрсеткіш: халықаралық әртараптандыру.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш әлемнің жетекші университеттерімен қос диплом бағдарламалары мен бірлескен бағдарламалардың үлесін бағалау арқылы ЖЖОКБҰ-ның халықаралық интеграция деңгейін өлшейді. Көрсеткіш 2 кіші көрсеткіштен тұрады.

5.2.1 кіші көрсеткіш: жаһандық рейтингтердің топ-500-не кіретін шетелдік ЖЖОКБҰ-мен қос дипломды бағдарламалардың үлесі.

5.2.2 кіші көрсеткіш: жаһандық рейтингтердің топ-500-не кіретін шетелдік ЖЖОКБҰ-мен бірлескен білім беру бағдарламалардың үлесі.

5.3 көрсеткіш: білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығы.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш белгілі бір академиялық кезеңге (семестр, триместр, тоқсан) сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларын пайдаланған білім алушылардың үлесін бағалау және шетелде тағылымдама немесе оқу бағдарламасына қатысу арқылы ЖЖОКБҰ-ның халықаралық білім беру кеңістігіне интеграция деңгейін бағалайды.

5.4 көрсеткіш: шетелде тағылымдамадан өткен магистранттар мен докторанттардың үлесі.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш шетелде тағылымдама бағдарламасына қатысқан магистратурада және докторантурада білім алушылардың үлесін бағалау арқылы ЖЖОКБҰ-ның халықаралық білім беру кеңістігіне интеграция деңгейін бағалайды.

5.5 көрсеткіш: халықаралық ынтымақтастық.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш халықаралық ғылыми жобалар мен зерттеу топтарының үлесін өлшеу арқылы ЖЖОКБҰ-ның халықаралық ғылыми-зерттеу кеңістігіне интеграция деңгейін бағалайды. Көрсеткіш 2 кіші көрсеткіштен тұрады.

5.5.1 кіші көрсеткіш: халықаралық ғылыми бағдарламалардың (жобалардың) үлесі.

5.5.2 кіші көрсеткіш: өңірлердің географиялық орналасуы.

8.6. Басқару тиімділігі (меншікті салмағы 10%, мәдениет және өнер саласындағы мемлекеттік ЖЖОКБҰ үшін 20%) 4 көрсеткішті қамтиды.

Индикатордың сипаттамасы: басқару жүйесін құру және функционалдау бойынша ЖЖОКБҰ жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін индикатор.

код	Көрсеткіш	Салмақ, %	код	К і ш і көрсеткіштер	Салмақ, %
6.1	Саясаттар мен рәсімдер	20			
6.2	ПОҚ және қызметкерлердің орташа жалақысы	30			
6.3	Қызметкерлерді ң еңбек жағдайларына қанағаттануы	30			
6.4	С е н і м басқарудың аудиттері мен тексерулер нәтижелері	20	6.4.1	Аудиттер және тексерулер қорытындысы бойынша орындалған ескертүүлەر/ ұсынымдардың пайызы	60
			6.4.2	Аудиттер және тексерулер қорытындысы бойынша ескертүүлерді/ ұсынымдарды жою бойынша орташа уақыт	40

6.1 көрсеткіш: саясаттар мен рәсімдер.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш ЖЖОКБҰ қызметкерлерін сауалнама жүргізу арқылы ішкі құжаттардың қызметі мен сапасының тиімділігі мен нәтижелілігін бағалайды.

6.2 көрсеткіш: ПОҚ және қызметкерлердің орташа жалақысы.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш оқытушылар мен қызметкерлердің еңбегін төлеу мөлшерін бағалау арқылы ЖЖОКБҰ-ның тартымдылығын бағалайды.

6.3 көрсеткіш: қызметкерлердің еңбек жағдайларына қанағаттануы.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш ЖЖОКБҰ-да құрылған жағдайларға қанағаттану деңгейін қызметкерлерді сауалнама жүргізу арқылы өлшейді.

6.4 көрсеткіш: сенімді басқарудың аудиттері мен тексерулер нәтижелері.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш ЖЖОКБҰ қызметінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы нормаларына сәйкестігі/сәйкес еместігін бағалау арқылы басқару жүйесінің тиімділігі мен сенімділігін өлшейді. Көрсеткіш 2 кіші көрсеткіштен тұрады.

6.4.1 кіші көрсеткіш: аудиттер және тексерулер қорытындысы бойынша орындалған ескертулер/ұсынымдардың пайызы.

6.4.2 кіші көрсеткіш: аудиттер және тексерулер қорытындысы бойынша ескертулерді/ұсынымдарды жою бойынша орташа уақыт.

8.7. Қаржылық тұрақтылық (меншікті салмағы 0% ретінде айқындалатын мәдениет және өнер саласындағы мемлекеттік ЖЖОКБҰ-ны қоспағанда, меншікті салмағы 10%) 5 көрсеткішті қамтиды.

Индикатордың сипаттамасы: ЖЖОКБҰ-ның қаржылық қызметін бағалауға мүмкіндік беретін индикатор.

код	Көрсеткіш	Салмақ, %	код	К і ш і көрсеткіштер	Салмақ, %
7.1	Институционалдық табыс	25			
7.2	Студенттер мен қызметкерлерге шаққандағы институционалдық табыс	20			
7.3	Зерттеулерден түскен табыс	20			
7.4	Салаларда түскен табыс (білімді беру)	15			
7.5	ЖЖОКБҰ эндаумент-қорларының жалпы көлемі	20			

7.1 көрсеткіш: институционалдық табыс.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш ЖЖОКБҰ институционалдық табысының құрылымын бағалау арқылы даму әлеуетін және стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге жетуді бағалайды.

7.2 көрсеткіш: студенттер мен қызметкерлерге шаққандағы институционалдық табыс.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш ЖЖОКБҰ-ның білім алушылар мен қызметкерлерге жұмсайтын шығыстарын өлшеу арқылы білім беру-ғылыми процестің ресурстық қамтамасыз ету деңгейін бағалайды.

7.3 көрсеткіш: зерттеулерден түскен табыс.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш ғылыми бағдарламаларды/жобаларды іске асырудан алынған табыстарды өлшеу арқылы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігін бағалайды.

7.4 көрсеткіш: салаларда түскен табыс (білім беру).

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш білімді және сараптаманы индустрияға немесе салаға беруден және өнеркәсіп пен коммерциялық ұйымдармен ынтымақтастықтан алынған табыстарды өлшеу арқылы ЖЖОКБҰ ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігін бағалайды.

7.5 көрсеткіш: ЖЖОКБҰ эндаумент-қорларының жалпы көлемі.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш ЖЖОКБҰ эндаумент қорларының қаржылық ресурстарының жиынтық мәнін бағалау арқылы табыстарды дамыту үшін пайдаланылатын ұзақ мерзімді инвестициялық портфельдерді бағалайды.

8.8. Тұрақты даму (меншікті салмағы 10%) 2 көрсеткішті қамтиды.

Индикатордың сипаттамасы. тұрақты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ТДМ) іске асыруға ЖЖОКБҰ-ның жетістіктері мен үлесін бағалауға мүмкіндік беретін индикатор.

код	Көрсеткіш	Салмақ, %	код	К і ш і көрсеткіштер	Салмақ, %
8.1	Әлеуметтік әсер	50	8.1.1	Басшылық деңгейіндегі қызметкерлердің гендерлік қатынасы	60
			8.1.2	ТДМ бойынша ғылыми жарияланымдардың үлесі	40
			8.2.1	Экологиялық жауапкершілікті арттыруға бағытталған білім беру бағдарламаларының үлесі	60

8.2	Қоршаған ортаға әсер	50	8.2.2	Инфрақұрылым мен қамтамасыз етілуі, экологиялық тұрақты ғимараттар мен құрылыстардың үлесі	40
-----	----------------------	----	-------	--	----

8.1 көрсеткіш: әлеуметтік әсер.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш тұрақты даму мақсаттарын іске асырудың, әлеуметтік миссияның нәтижелілігін және ЖЖОКБҰ-ның әлеуметтік дамуға қосқан үлесін өлшеу арқылы қоғамға әсерін бағалайды. Көрсеткіш 2 кіші көрсеткіштен тұрады.

8.1.1 кіші көрсеткіш: басшылық деңгейіндегі қызметкерлердің гендерлік қатынасы.

8.1.2 кіші көрсеткіш: ТДМ бойынша ғылыми жарияланымдардың үлесі.

8.2 көрсеткіш: қоршаған ортаға әсер.

Көрсеткіштің сипаттамасы: көрсеткіш қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту және білім алушылар мен қызметкерлерді тұрақты практикаларға тарту үшін ЖЖОКБҰ қабылдайтын шараларды бағалау арқылы экологиялық жауапкершілік деңгейін көрсетеді. Көрсеткіш 2 кіші көрсеткіштен тұрады.

8.2.1 кіші көрсеткіш: экологиялық жауапкершілікті арттыруға бағытталған білім беру бағдарламаларының үлесі.

Экологиялық жауапкершілік саласындағы білім беру бағдарламаларының саны және ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жалпы саны ескеріледі.

8.2.2 кіші көрсеткіш: инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі, экологиялық тұрақты ғимараттар мен құрылыстардың үлесі.

ЖЖОКБҰ сәйкестік деңгейіне (0-ден 1-ге дейін) байланысты төменде көрсетілген өлшемшарттар мен балдарға сәйкес ғимараттар бойынша ақпарат береді. Балдарды қою кезінде ЖЖОКБҰ-ның барлық ғимараттары ескеріледі.

ЖЖОКБҰ ғимараттарының экологиялық тұрақтылығын бағалау өлшемшарттары:

1) халықаралық тұрақтылық сертификаттарының болуы (LEED (ЛИД), BREEAM (Бриам) немесе соған ұқсас);

2) энергия үнемдеу жүйелерін немесе жаңартылатын энергия көздерін қолдану;

3) құрылыс немесе жөндеу кезінде экологиялық қауіпсіз материалдарды пайдалану;

4) су ресурстарын ұтымды басқару үшін технологияларды пайдалану;

5) ғимараттың ішкі ортасының сапасы;

6) қалдықтарды сұрыптау жүйесінің болуы және жұмыс істеуі;

7) ғимараттың экологиялық тұрақтылығына мониторинг жүргізу және есептер жасау;

8) ғимараттың инклюзивтілік деңгейі;

9) ғимараттың экологиялық тұрақтылығының жалпы интегралдық деңгейі.

4-тарау. ЖЖОКБҰ қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау үшін пайдаланылатын деректер көздері

9. Деректерді жинау және өңдеу, сондай-ақ рейтингтік көрсеткіштерді бағалау мемлекеттік және халықаралық деректер базаларымен (Scopus (Скопус), Web of Science (Веб оф Сайенс)), ЖЖОКБҰ цифрлық жүйелерімен интеграцияланған ЖББП ЦЖ деректері негізінде автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

10. Деректер көздері:

1) ЖЖОКБҰ-ның ЖББП ЦЖ-ға интеграцияланған цифрлық жүйелерден ресми статистикалық есептілігі;

2) мемлекеттік цифрлық жүйелер (Smart Data Ukimet (Смарт Дата Үкімет) және т.б.) ;

3) халықаралық деректер базалары (Scopus (Скопус) және Web of Science (Веб оф Сайенс));

4) білім алушылардың, түлектердің, оқытушылардың, жұмыс берушілердің сауалнамалары нәтижелері;

5) сыртқы аккредиттеу, аудит, сертификаттау деректері болып табылады.

5-тарау. ЖЖОКБҰ рейтингтерінің түрлері және оларды есептеу тәртібі

11. Осы Әдістеменің негізінде ЖЖОКБҰ рейтингтерінің мынадай түрлері қалыптастырылады, олардың нәтижелері ЖЖОКБҰ-ны саралауды жүргізу кезінде пайдаланылады.

№	Рейтинг түрі	Мазмұны	Есептеу формуласы
1	ЖЖОКБҰ-ның ұлттық (жалпы) рейтингі	Белгіленген индикаторлар (білім беру, ғылыми, кадрлық, басқару, халықаралық және өзге де) жиынтығы негізінде есептелген және ұлттық контексте әрбір ұйымның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейін көрсететін Қазақстан Республикасының ЖЖОКБҰ қызметінің интегралды салыстырмалы бағалауы	$P_n = \frac{C_{n1} + C_{n2}}{2},$
		ЖЖОКБҰ-ның білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын және қызметінің нәтижелерін жеке бағыттар немесе нақты білім беру саласына (мамандыққа,	

2	ЖЖОКБҰ-ның пәндік рейтингі	білім беру бағдарламасына немесе білім саласына) қатысты белгіленген индикаторлар мен олардың салмақтары негізінде есептелген кадрларды даярлау бағыттарының топтары бойынша салыстырмалы бағалау	$S = \frac{P_1 + P_2 + \dots + P_n}{n} \times E,$
3	ЖЖОКБҰ-ның зерттеу қызметі бойынша рейтинг	Жарияланым нәтижелілігі, дәйексөз тартылған гранттар мен жобалар, ғылымның кадрлық әлеуеті және ұлттық және халықаралық зерттеулерге қатысу көрсеткіштеріне негізделген, ғылыми үлес деңгейі мен ЖЖОКБҰ-ның зерттеу бәсекеге қабілеттілігін көрсететін ЖЖОКБҰ-ның ғылыми-зерттеу және инновациялық белсенділігін салыстырмалы бағалау	$P_n = \frac{C_{n1} + C_{n2}}{2},$
4	ЖЖОКБҰ түлектерінің мансаптық перспективалары бойынша рейтинг	Жұмыспен қамтылу, табыс деңгейі, алынған білімнің еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі және жұмыс берушілердің мамандар даярлау сапасына қанағаттану көрсеткіштеріне негізделген ЖЖОКБҰ-ның түлектерді жұмысқа орналастыруды, олардың кәсіби өсуін және мансаптық траекториясын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет тиімділігін салыстырмалы бағалау	$S = \frac{P_1 + P_2 + \dots + P_n}{n} \times E,$
		Шетелдік білім алушылардың, оқытушылардың үлесі, халықаралық	

5	Ж Ж О К Б Ұ интернационалдандыру рейтингі	әріптестіктер және академиялық ұтқырлық бойынша ЖЖОКБҰ реттеу	$P_n = \frac{C_{n1} + C_{n2}}{2}$
6	ЖЖОКБҰ тұрақты даму рейтингі	Энергия тиімділігін, инклюзивтілікті және әлеуметтік үлесті қоса алғанда, экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық жауапкершілік көрсеткіштері бойынша ЖЖОКБҰ-ны реттеу	$S = \frac{P_1 + P_2 + \dots + P_n}{n} \times E$

12. Рейтингтердің барлық түрлері ЖББП ЦЖ-ның бірыңғай деректер базасынан қалыптастырылады және 0–100 шкаласы бойынша қалыпқа келтіріледі.

6-тарау. Қызмет жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін қорытынды бағалау

13. Барлық көрсеткіштерді қалыпқа келтірілгеннен және өлшеуден кейін рейтингтер қалыптастырылады.

Қорытынды балдар үтірден кейін үш таңбаға дейін дәлдікпен есептеледі, бұл ұйымдар көрсеткіштерін салыстыру кезінде егжей-тегжейдің жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді.